



Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 22 ақпандағы № 09/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 наурызда № 4184 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 14 наурыздағы № 11/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 14.03.2019 № 11/02 (01.03.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңдарына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ж. Қошантаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Әбеуова

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
22 ақпандағы 2016 жыл
№ 09/01 қаулысына
қосымша

Бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыратын және өткізетін жұмыстар мен қызметтердің тізбесі

Р/с	Атауы
1	Жұмыстар:
1.1	бюджеттік даму бағдарламалары шеңберінде жаңа объектілер салу немесе салынғанын реконструкциялау
1.2	аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу

1.3	бюджеттік даму бағдарламалары шеңберінде объектілер салуға және реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттама жасау не бар жобалық-сметалық құжаттаманы түзету
1.4	аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама жасау не бар жобалық-сметалық құжаттаманы түзету
2	Қызметтер:
2.1	бюджеттік даму бағдарламалары шеңберінде объектілер салу және реконструкциялау кезінде тапсырыс беруші атынан техникалық қадағалау жүргізу бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету
2.2	аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу кезінде тапсырыс беруші атынан техникалық қадағалау жүргізу бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК